КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 5 шілде №7119-24-00-2/7271 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Б. Алиев,
электрондық азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ИП ММП» жеке кәсіпкер басшысы М.П. Мырзакулов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер «ИП ММП» жеке кәсіпкер басшысы М.П. Мырзакулов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу туралы талап арызын – қанағаттандырылсын.

«ИП ММП» жеке кәсіпкер басшысы М.П. Мырзакулов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ИП ММП» жеке кәсіпкер басшысы М.П. Мырзакулов мемлекеттік пайдасына 1 817 теңге тұрақсыздық айыбы, өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Б.Алиев

Құжатқа қол қойылған: Алиев Б. Т., 05.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.07.2024, судья Алиев Б. Т., 03.10.2024

7119-24-3-1/6690